


Туберкулездің алдын-алу



Туберкулез дегеніміз не?

Туберкулез – латынша “tuberculum” –төмпешік деген мағынада. Әртүрлі микобактериялармен, соның ішінде *Mycobacterium tuberculosis* тудыратын, дүние жүзінде кең тараған адамның және жануарлардың инфекциялық ауруы.

Туберкулез жиі өкпені, сирегірек басқа мүшелер мен жүйелерді зақымдайды. *Mycobacterium tuberculosis* науқас адам сөйлегенде, жөтелгенде, түшкіргенде ауа-тамшылы жол арқылы беріледі.

Туберкулез қоздырғышын 1882 жылы Р. Кох ашып, оның алдын-алу мақсатында зерттеу жұмыстарын жүргізе бастады.

Тұрғын халықтың 1 % ауырса, бұл туберкулез эпидемиясы болып саналады.

19-ғасырдың соңында туберкулез пандемиясы болды.

1892 ж. Кох туберкулез профилактикасы ретінде туберкулинді ұсынды.

Туберкулез емі қиын және ұзақ уақытты талап етеді. Тағайындалған препараттарды кем дегенде 6 ай ішу керек.

Науқас адаммен қатынаста болған адамдарды флюорография немесе Манту реакциясы көмегімен, профилактика мақсатында туберкулезге қарсы препараттарды тағайындау арқылы тексереді.

*Mycobacterium tuberculosis*пен
жер шарының үштен бірі
инфицирленген, және әр
секунд сайын инфекция
жұқтыру жағдайы орын
алады.

Туберкулез профилактикасы

Туберкулез профилактикасы 3-ке
бөлінеді

1. Спецификалық

2. Санитарлық

3. Әлеуметтік.

Әлеуметтік алдын-алу

Бұл қоршаған орта жағдайын сауықтыруға, халықтың тұрмыс жағдайын жақсартуға, денсаулықты күшейтуге, тамақтану мен үй-тұрмыс жағдайын жақсартуға, жаппай дене шынықтыруды және спорт мәдениетін дамытуға, маскүнемдік пен нашақорлыққа, темекі шегуге және басқа зиянды әдеттерге қарсы күрес жүргізуге бағытталған.

Санитарлық алдын алу

Санитарлық алдын алудың мақсаты-дені сау адамдарды ТМД жұғуынан сақтандыру, туберкулездің активті түрімен ауыратын науқастың жұмыста, үйде, тұрмыста, айналасындағы дені сау адамдармен байланысын азайту және сақтандыру жұмыстары арқылы осы байланысты қауіпсіз ету. Санитарлық алдын алудың негізгі міндеті-әлеуметтік жағдайлармен бірге эпидемияға қарсы және емдік шаралардың кеңінен жүргізілуі. Бұндай шаралар туберкулез инфекциясы ошағында, яғни бактерия бөлушінің туберкулезбен ауыратын науқастың отбасында, пәтерінде жүргізіледі.

СПЕЦИФИКАЛЫҚ АЛДЫН АЛУ

- Дүние жүзі елдерінде туберкулездің спецификалық алдын алу БЦЖ-мен вакцинация және ревакцинация жасау болып табылады. БЦЖ-ның вакцинді штамын 1919ж. Француз ғалымы А.Л.Сh.Calmette және С.Guerin тапқан және солардың аттарымен аталады.




БЦЖ вакцинасын қолдану тәсілі және оның дозасы

БЦЖ вакцинасын тері ішіне жіберу әдісі өте тиімді және үнемді деп есептеледі. БЦЖ вакцинасы – ақ ұнтақ түріндегі масса, ол вакуумды ампулаға салынған. Бір ампула 1 мг. БЦЖ вакцинасын құрайды (0,05 мг емпературасы 20 доза). Вакцина температурасы $+8^{\circ}\text{C}$ аспайтын тоңазытқышта сақталады. Қолданар алдында БЦЖ вакцинасын 2 мл. Изотониялық натрий хлориді ерітіндісімен ерітеді. Ампуладағы ерітінді вакцинаға қосылып беріледі. Ерітілген вакцинаны дереу қолданады, ал кейбір жағдайда, ерітіндінің стерильдігін сақтап, күн сәулесінен қорғап, оны 2-3 сағаттан асырмай қолданылуға болады.


БЦЖ вакцинациясынын жургізілуі



114



ЗДОРОВЫЕ
ЛЁГКИЕ



ЛЕГКИЕ
ПОРАЖЁННЫЕ
ТУБЕРКУЛЕ-
ЗОМ.



ТУБЕРКУЛЕЗ

— ПЕРЕДАЁТСЯ ВОЗДУШНО-КАПЕЛЬ-
НЫМ ПУТЕМ.

(гол) 170-41-82
ШКОЛА №280. Шаумаровой Фирузы. 8 В